

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі  
«Қазақстан Халық партиясы»,  
«АМАНАТ» фракциялары  
депутаттары  
(тізім бойынша)

2025 жылғы 5 ақпандағы № ДЗ-54 сауалға

### Құрметті депутаттар!

АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің (*бұдан әрі – USAID*) қызметі туралы «Қазақстан Халық партиясы» және «АМАНАТ» фракциялары депутаттарының сауалын қарастырып, келесіні хабарлаймын.

*Шетелдік демеушілер бөлген қаржы қаражаттар туралы*

1. Екіжақты келісімдер шеңберінде ҚР Сыртқы істер министрлігіне ұсынылған АҚШ Мемлекеттік департаментінің ақпаратына сәйкес 2024 жылы USAID-пен түрлі бағыттар бойынша **28** ұзақ мерзімді бағдарлама іске асыруда.

Жалпы 2023-2024 жылы USAID тарапынан елдегі орындалып отырған бағдарламаларға 26,5 млн АҚШ доллары бөлінді (*экономика, энергетика, денсаулық сақтау, азаматтық қоғам және БАҚ саласы және т.б.*).

Жекелеген жобалар тек Қазақстанды ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия елдерін де қамтиды (*жобалар кестесі қоса беріледі*).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпараты бойынша 2024-2025 жылдары USAID бағдарламаларын келесі отандық Үкіметтік емес ұйымдар (*бұдан әрі – ҮЕҰ*) және халықаралық ҮЕҰ жүзеге асыруда, олар: «Десента» ҚҚ, «Қадір-қасиет» ҚБ, ҚР «EURASIA FOUNDATION» өкілдігі, ҚР «Winrock International» өкілдігі, ҚР «Internews Network» өкілдігі, ҚР «Американдық адвокаттар қауымдастығы» өкілдігі.

2. ҚР Әділет министрлігінің ақпаратына сәйкес «Қайырымдылық туралы» Заңның (*бұдан әрі – Заң*) 7-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында халықаралық ұйымдар, шетелдіктер және (немесе) азаматтығы жоқ адамдар қайырымдылық көмек көрсетуге өтеусіз берген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті жариялауға міндетті.

Сондай-ақ, Заңның 7-бабының 4-тармағына сәйкес қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын шетелдік және (немесе) халықаралық қайырымдылық ұйымының филиалы және (немесе) өкілдігі жыл сайын Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында құрылтайшылары (қатысушылары), мүліктің құрамы, кірістің қалыптасу көздері және ақшаны Қазақстан Республикасында жұмсаудың бағыттары туралы мәліметтерді қамтитын қызметі туралы есепті жариялауға міндетті.

Салық кодексінің 29-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді салық органдарына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынуға міндетті.

Сонымен бірге, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің (*бұдан әрі – ӘҚБК*) 460-1-бабының 1-тармағына сәйкес шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алу туралы мемлекеттік кіріс органдарын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімдерде және жағдайларда хабардар етпеу, сондай-ақ оларды алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау (*яке тұлғаларға – 50, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 100, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде*) айыппұл салуға әкеп соғады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынған статистика бойынша 2024 жылы ӘҚБК 460-1-бабы бойынша 5 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген болатын.

**3. ҚР Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің (*бұдан әрі – Салық кодексі*) 29-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, заңды тұлғаларға және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелеріне шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алу және пайдалану туралы мәліметтер ұсыну міндеті жүктелген. Мәліметтер тек ақша және (немесе) өзге мүлік алушының қызметі заң көмегін көрсетуге, қоғамдық пікірді зерделеу мен сауалнама жүргізуге, әлеуметтік сауалнамалар және т.б. бағытталған жағдайда ғана ұсынылады.**

Осыған байланысты мемлекеттік кірістер органдары есептілікті ұсыну мерзімдерінің сақталуын және 017.00 «Шет мемлекеттерден, халықаралық және (немесе) шетелдік ұйымдардан, шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алу туралы мемлекеттік кірістер органдарына хабарлама», 018.00 «Шет мемлекеттерден, халықаралық және (немесе) шетелдік ұйымдардан, шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан алынған ақша және (немесе) өзге де мүлікті алу және пайдалану туралы мәліметтер» нысандарына сәйкес аталған мәліметтердің көрсетілуін бақылауды жүзеге асырады.

2022 жылы Салық кодексінің 29-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, Мемлекеттік кірістер комитеті (*бұдан әрі – МКК*) өз интернет-ресурсында шетелдік көздерден ақша немесе өзге де мүлік алған тұлғалардың тізілімін жариялайды.

Аталған өзгеріс азаматтардың мемлекетке және үкіметтік емес ұйымдарға (ҮЕҰ) деген сенім деңгейін арттыруға бағытталған.

Ақпараттық жүйелерінің мәліметтеріне (018.00 нысаны бойынша) сәйкес, 2018-2024 жылдар аралығында USAID-тен қаржы және мүлік алғаны туралы мәлімет берген 8 ҮЕҰ анықталды (*Салық кодексінің 30-бабына сәйкес ҮЕҰ алған және жұмсаған қаражат сомасы және олардың көздері туралы ақпарат салық құпиясы болып табылады*).

Сонымен қатар, МКК Орталық Азиядағы сауда жөніндегі USAID бағдарламасымен (*бұдан әрі – USAID бағдарламасы*) ынтымақтастық жасайды.

Атап айтқанда, МКК салық және кедендік әкімшілендіру саласында реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады. Сондай-ақ, МКК-нің міндеттеріне ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, Қазақстан Республикасының халқына электрондық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, тауарлардың кедендік шекарадан өтуін жеделдету және оңайлату үшін жағдай жасау кіреді.

Осыған байланысты, сондай-ақ Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасында Орталық Азияда цифрландыру және кедендік рәсімдер бойынша ынтымақтастық туралы Өзара түсіністік меморандумы аясында, Орталық Азиядағы сауда бойынша USAID бағдарламасы арқылы Қазақстанның кедендік инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында Комитетке 385 818 400 теңге сомасында 12 дана серверлік жабдық тегін берілді.

USAID бағдарламасының компоненттерінің бірі – Кедендік және шекаралық бақылау рәсімдерін жеңілдету. Комитет пен USAID бағдарламасы арасындағы ынтымақтастық аясында тек техникалық көмек қана көрсетілмей, жұмыс кездесулерін, отырыстарды, шетелдік сапарларды ұйымдастыруға қолдау көрсетіледі. Қазіргі уақытқа дейін USAID қолдауымен екі жоба жүзеге асырылуда. Біріншісі – Орталық Азия мен Кавказ аумағында тауарларды транзиттеуді барынша жеңілдетуге бағытталған «Үздіксіз транзит» жобасы. Екіншісі – Орталық Азия елдері арасындағы алдын ала ақпарат алмасу жобасы.

4. ҚР Әділет министрлігі қазіргі уақытта мемлекеттік органдарға осындай зиянды «демеушілік» жобалардан балаларымызды қорғауды және психоэмоционалдық, менталдық, физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтін заң жобасын әзірлеу мәселесін пысықтау үшін тиісті сұраныс жолдады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, қаржыландырылатын жобалар мен бағдарламаларды, олардың мақсаттарын, белгіленген мақсаттардың нақты нәтижелерге сәйкестігін зерделеу бойынша USAID қызметіне егжей-тегжейлі талдау жүргізу бөлігінде бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады (2024 жылы СИМ-де құрылғанын барлық мүдделі мемлекеттік органдар кіретін USAID-пен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі Жұмыс тобының шеңберінде).

Атап айтқанда, USAID елдік стратегияларын және USAID-тың басқа ұйымдармен, соның ішінде үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен қарым-

қатынасын олардың USAID мақсаттарына ықтимал әсерін бағалау үшін зерттелетін болады. Бұдан басқа, ықтимал жасыру схемаларын, қаражатты пайдаланудағы сәйкессіздіктерді және мүдделер қақтығысын анықтау үшін қаржылық ағындарды талдау қажет.

*Қосымша: 3 парақта.*

**С. Жұманғарин**

*Орынд.: А.Бәрібаев  
Тел.: 74-53-09.*

**Тізім:**

М.М. Магеррамов  
А.Ж. Нұралин  
И.Е. Сұңқар  
К.В. Авершин  
А.Т. Құспан

№	Бағдарламаның атауы	Орындаушы	Жалпы бағалау құны
1	USAID Орталық Азиядағы сауда бағдарламасы	DAI Global, LLC	\$34,170,704
2	Кәсіпкерлік пен бизнес ортаны дамыту жобасы (FGI)	Палладиум Интернешнл	\$19,936,411 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
3	Кәсіпкерлік пен бизнес ортаны дамыту жобасы (FGI) 2.0	Палладиум Интернешнл	\$18,063,531 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
4	Орталық Азиядағы энергетика	Тетра Тек, Инк	\$38,894,295 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
5	Су ресурстары және қоршаған орта жобасы	Тетра Тек, Инк	\$24,472,255 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
6	USEA энергетикалық серіктестік бағдарламасы	АҚШ Энергетикалық қауымдастығы (USEA)	\$2,000,000 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
7	Электр энергиясы нарығының киберқауіпсіздігі арқылы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайту	АҚШ Энергетикалық қауымдастығы (USEA)	\$500,000
8	Коммуналдық шаруашылықты және сұранысты басқару арқылы энергияны жаңғыртуды күшейту	Deloitte Consulting LLP	\$420,000
9	Мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу және АИТВ эпидемиясын (ЕріС) бақылауды сақтау	FHI 360	\$6,600,000
10	Орталық Азияда (Қазақстан және Қырғызстан) синтетикалық және жаңа психоактивті заттарды қолданудың өсуіне байланысты АИТВ жұқтыру қаупіне ден қою бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспары	FHI 360	\$77,837
11	Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуетін күшейту	FHI 360	\$55,000
12	АИТВ бойынша сапалы қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету (САПА)	АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдардың Орталық Азия қауымдастығы	\$500,000

13	Плюс дәрілік заттарының сапасын арттыру (PQM Plus)	АҚШ Фармакопеясы	\$2,287,500 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
14	Азиядағы фармацевтикалық жеткізу тізбегін әртараптандыру (DAPSC)	АҚШ Фармакопеясы басшылығымен Плюс дәрілік заттарының сапасын арттыру (PQM Plus) жобасы және Халықаралық даму тобының (IDG) басшылығымен Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы (IPOP) Мүмкіндік жобасы	\$5,000,000
15	Орталық Азиядағы «Туберкулезді тоқтатудың аймақтық тәсілдері» (RAFET)	Туберкулезбен күрес жөніндегі Корольдік Нидерландтық орталық бірлестігі (KNCV Tuberculosis Foundation)	\$10,000,000
16	Қазақстандағы бірыңғай денсаулық сақтау	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы	\$5,400,000
17	Қазақстандағы жануарлардың денсаулығын жақсарту	Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО)	\$5,050,000
18	Жаһандық қоғамдық денсаулық қауіпсіздігін жақсарту үшін зертханалық жүйені нығайту	Abt Global	\$2,315,000
19	Тәуекелдер туралы хабарландыру және Қазақстандағы пандемияның алдын алу, дайындықты қамтамасыз ету және әрекет ету мәселелеріне қоғамдастықтың қатысуы	ЮНИСЕФ	\$3,075,000
20	Плюс дәрілерінің сапасын жақсарту (PQM+) «Денсаулық сақтаудың жаһандық қауіпсіздігі»	АҚШ Фармакопеясы	\$1,200,000
21	Орталық Азиядағы теңдестірілген және сенімді ақпаратты қолдау (САПА)	Internews Network	\$2,078,000 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
22	Орталық Азиядағы қауіпсіз көші-қон	Winrock International	\$1,709,613 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)
23	Орталық Азиядағы әлеуметтік инновациялар бағдарламасы	EURASIA FOUNDATION	\$2,836,000 (Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)

24	«Тұрақты қауымдастықтар» (RCA)	DAI Global LLC	\$15,000,000 <i>(Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)</i>
25	Адам құқықтарының бағыты: әйелдер мен балалар	«Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестігі	\$800,000
26	Орталық Азияда адам құқықтарын мен теңдігін нығайту	ILGA-Europe, TGEU	\$3,350,000 <i>(Орталық Азия бойынша өңірлік бюджет)</i>
27	Бірлескен басқару – ортақ жауапкершілік	«Десента» қоғамдық қоры	\$2,000,000
28	Қазақстандық QADAM бағдарламасы	EURASIA FOUNDATION	\$10,000,000

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам фракций  
«Народная партия Казахстана»,  
«АМАНАТ»  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На запрос № ДЗ-54 от 5 февраля 2025 года

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос группы депутатов фракций «Народная партия Казахстана» и «АМАНАТ» относительно деятельности Агентства США по международному развитию (*далее - USAID*) сообщаю следующее.

*Относительно финансовых средств, выделенных зарубежными спонсорами*

1. По информации Государственного департамента США, предоставленной Министерству иностранных дел Республики Казахстан, в 2024 году в рамках двусторонних соглашений реализуется **28** долгосрочных программ по различным направлениям с USAID.

Всего в 2023 – 2024 годах USAID выделил на реализуемые в стране программы 26,5 млн долл. (*экономика, энергетика, здравоохранение, гражданское общество и медиа-сектор и др.*).

Отдельные проекты охватывают не только Казахстан, но и страны Центральной Азии (*таблица проектов прилагается*).

По информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан в 2024 – 2025 годах программы USAID реализуются следующими отечественными неправительственными организациями (*далее – НПО*) и международными НПО: *ОФ «Десента», ОО «Кадыр-касмет», Представительство «EURASIA FOUNDATION» в Республике Казахстан, Представительство «Winrock International» в Республике Казахстан, Представительство «Internews Network» в Республике Казахстан, Представительство «American Bar Association» в Республике Казахстан.*



2. По информации Министерства юстиции Республики Казахстан в соответствии с пунктом 3 статьи 7 Закона «О благотворительности» (*далее – Закон*) резиденты Республики Казахстан обязаны ежегодно публиковать в средствах массовой информации отчет об использовании средств, предоставленных безвозмездно международными организациями, иностранцами и (или) лицами без гражданства для оказания благотворительной помощи.

Также в соответствии с пунктом 4 статьи 7 Закона филиал и (или) представительство иностранной и (или) международной благотворительной организации, осуществляющие деятельность на территории Республики Казахстан, обязаны ежегодно публиковать в средствах массовой информации Республики Казахстан отчет о своей деятельности, включающий сведения о своих учредителях (участниках), составе имущества, источниках доходов и направлениях расходования средств на территории Республики Казахстан.

В соответствии с подпунктом 2 пункта 1 статьи 29 Налогового кодекса физические лица и (или) структурные подразделения юридического лица обязаны представлять в налоговые органы сведения о поступлении и расходовании денег и (или) иного имущества, полученных от иностранных государств, международных и иностранных организаций, иностранцев, лиц без гражданства, в порядке, сроки и по форме, которые установлены уполномоченным органом.

При этом в соответствии с пунктом 1 статьи 460-1 Кодекса об административных правонарушениях неуведомление органов государственных доходов о поступлении денег и (или) иного имущества от иностранных государств, международных и иностранных организаций, иностранцев, лиц без гражданства в сроки и на условиях, предусмотренных налоговым законодательством Республики Казахстан, а равно непредоставление или несвоевременное предоставление сведений об их поступлении и расходовании – влекут штраф (*на физических лиц в размере 50 МРП, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере 100 МРП, на субъектов среднего предпринимательства – в размере 200 МРП, на субъектов крупного предпринимательства – в размере 300 МРП*).

По данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам, в 2024 году зарегистрировано 5 административных правонарушений по статье 460-1 Кодекса об административных правонарушениях.

3. По информации Министерства финансов Республики Казахстан в соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 29 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (*далее – Налоговый кодекс*) лицам и (или) структурным подразделениям юридического лица установлена обязанность предоставления сведений о получении и расходовании денег и (или) иного имущества от иностранных государств, международных и иностранных организаций, иностранцев, лиц без гражданства. Сведения предоставляются только в случае, когда деятельность получателя денег и (или) иного имущества направлена на оказание юридической помощи, изучение и проведение опросов общественного мнения, социологических опросов и т.п.

В этой связи органы государственных доходов осуществляют мониторинг соблюдения сроков представления отчетности и отражения указанных сведений по формам 017.00 «Уведомление органов государственных доходов о получении денег и (или) иного имущества от иностранных государств, международных и (или) иностранных организаций, иностранцев, лиц без гражданства» и 018.00 «Сведения о получении и расходовании денег и (или) иного имущества, полученного от иностранных государств, международных и (или) иностранных организаций, иностранцев, лиц без гражданства».

Вместе с тем, в 2022 году внесены изменения в статью 29 Налогового кодекса, согласно которым Комитет государственных доходов (*далее – КГД*) публикует на своем интернет-ресурсе Реестр лиц, получающих деньги или иное имущество из иностранных источников.

Данная поправка направлена на повышения уровня доверия граждан как к государству, так и неправительственным организациям (НПО).

Согласно данным информационных систем (по ф.018.00) за 2018-2024 годы установлены 8 НПО, представивших сведения о получении денежных средств и имущества от USAID (*согласно статье 30 Налогового кодекса информация о сумме полученных и израсходованных НПО средствах и их источниках является налоговой тайной*).

При этом, КГД осуществляет сотрудничество с Программой USAID по торговле в Центральной Азии (*далее – Программа USAID*).

В частности, КГД осуществляет регулятивные, реализационные и контрольные функции в сфере налогового и таможенного администрирования. Также в задачи КГД входит формирование, обеспечение развития информационно-коммуникационной инфраструктуры, доступности электронных услуг населению Республики Казахстан, создание условий для ускорения и упрощения перемещения товаров через таможенную границу.

В этой связи, а также в рамках подписанного Меморандума о взаимопонимании между Соединенными Штатами Америки и Республикой Казахстан в отношении сотрудничества по цифровизации и таможенным процедурам в Центральной Азии с целью модернизации таможенной инфраструктуры Казахстана Программой USAID по торговле в Центральной Азии, КГД передано на безвозмездной основе серверное оборудование в количестве 12 единиц на сумму 385 818 400 тенге.

Одним из компонентов Программы USAID является Упрощение процедур таможенного и пограничного контроля. В рамках сотрудничества Комитета и Программы USAID осуществлялась не только техническая помощь, также оказывалась поддержка при проведении рабочих встреч, заседаний, заграничных визитов. До настоящего момента проводилась работа по двум проектам совместно и при поддержке USAID. Первое – это проект, известный как Бесшовный транзит, который нацелен на максимальное упрощение процедуры транзита товаров на пространстве Центральной Азии и Кавказа. Второе – это проект по обмену предварительной информацией между странами Центральной Азии.

4. Относительно разработки законопроекта, который предусматривал бы обеспечение защиты и психоэмоциональную, ментальную, физическую безопасность наших детей от подобных вредоносных «спонсорских» проектов в настоящее время Министерством юстиции Республики Казахстан направлен соответствующий запрос в государственные органы для проработки данного вопроса.

Резюмируя вышеизложенное, работа в данном направлении будет продолжена в части проведения детального анализа деятельности USAID по изучению финансируемых проектов и программ, их целей, соответствие заявленных целей фактическим результатам (в рамках созданной МИД в 2024 году Рабочей группы по вопросам сотрудничества с USAID, в состав которой входят все заинтересованные госорганы).

В частности, будет проведено исследование страновых стратегий USAID, а также изучены связи USAID с другими организациями, в том числе правительственными и негосударственными, чтобы оценить потенциальное влияние этих связей на цели USAID. Кроме этого, необходим анализ финансовых потоков, чтобы выделить возможные схемы прикрытия, несоответствия в использовании средств и конфликты интересов.

*Приложение: на 3 стр.*

**С. Жумангарин**

*Исп.: А.Бартибаев*

*Тел.: 74-53-09.*

№	Наименование программы	Исполнитель	Общая оценочная стоимость
1	Программа USAID по торговле в Центральной Азии	DAI Global, LLC	\$34,170,704
2	Проект по развитию предпринимательства и бизнессреды (FGI)	Палладиум Интернешнл	\$19,936,411 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
3	Проект по развитию предпринимательства и бизнессреды (FGI) 2.0	Палладиум Интернешнл	\$18,063,531 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
4	Энергетика в Центральной Азии	Тетра Тек, Инк	\$38,894,295 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
5	Проект по водным ресурсам и окружающей среде	Тетра Тек, Инк	\$24,472,255 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
6	USEA Программа партнерства с энергетическими компаниями	Энергетическая ассоциация США (USEA)	\$2,000,000 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
7	Укрепление национальной безопасности Казахстана посредством кибербезопасности рынка электроэнергии	Энергетическая ассоциация США (USEA)	\$500,000
8	Усиление модернизации энергетики посредством руководства коммунальными службами и управления спросом	Deloitte Consulting LLP	\$420,000
9	Достижение целей и поддержание контроля над эпидемией ВИЧ (EpiC)	FHI 360	\$6,600,000
10	План профилактических мер по ответным мерам на риски передачи ВИЧ инфекции, связанными с ростом использования Синтетических и Новых Психоактивных Веществ в Центральной Азии (Казахстан и Кыргызстан)	FHI 360	\$77,837
11	Усиление потенциала социального предпринимательства	FHI 360	\$55,000
12	Обеспечение доступа к качественным услугам в связи с ВИЧ (САПА)	Центрально Азиатская Ассоциация Людей Живущих с ВИЧ	\$500,000
13	Содействие повышению качества лекарственных средств Плюс (PQM Plus: ТБ часть)	Фармакопоя США	\$2,287,500 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
14	Диверсификация фармацевтической цепочки поставок в Азии (DAPSC)	Проект Содействие	\$5,000,000

		повышению качества лекарственных средств Плюс (PQM Plus) под Руководством Фармакопеи США и Проект Возможности ИндоТихоокеанского региона (IPOP) под руководством Международной группы развития (IDG)	
15	«Региональные подходы к искоренению туберкулеза» (RAFET) в Центральной Азии	Королевское Нидерландское Центральное Объединение по борьбе с туберкулезом (KNCV Tuberculosis Foundation) (Нидерланды)	\$10, 000,000
16	Единое Здравоохранение в Казахстане	Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ)	\$5,400,000
17	Улучшение Здоровья Животных в Казахстане	Продовольственная и сельскохозяйственная организация (ФАО)	\$5,050,000
18	Укрепление лабораторной системы для повышения глобальной безопасности общественного здравоохранения	Abt Global	\$2,315,000
19	Информирование о рисках и вовлечение сообществ в предотвращение, обеспечение готовности и реагирование на пандемию в Казахстане	ЮНИСЕФ	\$3,075,000
20	Повышение качества лекарственных средств плюс (PQM+) «Глобальная безопасность здравоохранения»	Фармакопея США	\$1,200,000
21	Поддержка сбалансированной и достоверной информации в Центральной Азии (САПА)	Internews Network	\$2,078,000 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
22	Безопасная миграция в Центральной Азии	Winrock International	\$1,709,613 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>

23	Программа Социальные инновации в Центральной Азии	EURASIA FOUNDATION	\$2,836,000 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
24	«Устойчивые сообщества» (RCA)	DAI Global LLC	\$15,000,000 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
25	Фокус прав человека: женщины и дети	Общественное Объединение «Қадір-қасиет»	\$800,000
26	Укрепление прав человека и равенства в Центральной Азии	ILGA-Europe, TGEU	\$3,350,000 <i>(региональный бюджет по ЦА)</i>
27	Соучастующее управление - разделенная ответственность	Общественный фонд “Десента”	\$2,000,000
28	Казахстанская Программа QADAM	EURASIA FOUNDATION	\$10,000,000